Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Жеміс-жидек ауылы
«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бекітемін
ЖШС «Moldir Mebrke»
бөбекжай бақшасының
меңгерушісі:
_____ Байтемирова Р.Д.

Өзін -өзі бағалау Құрылымы

2025 жылы

Жамбыл облысы, Меркі ауданы,
Жеміс-жидек ауылы
«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 06 қаңтар 2025 жылғы №3 Бұйрығымен құрылды.

1. Р.Д.Байтемирова – балабақша меңгерушісі комиссия төрайымы
2.Т.Токтогулова– балабақша әдіскері, комиссия мүшесі
3 К.С.Сугурова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4.Г.Н. Сералиева - балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

«**Moldir Merke**» бөбекжай-бақшасы жауапкершілігі серіктестігі екі жыл және ағымдағы жылдың наурыз айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасы

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Жамбыл облысы, Меркі ауданы «Moldir Merke» бөбекжай-бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Меркі ауданы, Жамбыл а.о , Жеміс-жидек ауылы , Мырзабай Құттыбекұлы көшесі №12
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, webсайт)	Ұялы телефон 8 707 437 00 21 электронды поштасы baitemirova64@mail.ru https://moldir-merke.bb.edu.kz/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Байтемирова Роза Дильдабековна 2020 жыл 01 қазан № 74 бұйрығымен балабақша меңгерушісі лауазымына тағайындалды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен. БСН 180540017384 алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 30.10.2018жыл.
6	Рұқсат беру құжаттары (білім	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2018 жылғы 30

	беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	қазанда №KZ42RVK00018064 хабарлама берілген.
7	Құрылған жылы	1975 жыл
8	Типтік ғимарат	Екі қабатты сәйкестендірілген
9	Топтар саны	7 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі, орыс тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым;
13	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 150 балаға арналған . № H.05.X.KZ16VBS00120514 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

Балабақша ғимараты ыңғайластырылған. Балабақша 150 орындық, 7 топ жұмыс жасайды. Әр топ жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 8.00-бастап 18.30 сағатқа дейін. Жеті топ жұмыс жасайды. «Балапан» кіші тобы, «Солнышко» ортаңғы тобы, «Қарлығаш» ортаңғы тобы, «Ботақан» ортаңғы тобы, «Радость» ересек тобы, «Құлыншақ» мектеп алды, «Ромашка» мектеп алды тобы. 2018 жылы 21 қыркүйек № H.05.X.KZ16VBS00120514 санитарлық эпидемиологиялық қортындысы берілді. Тәрбиеленушілер мемлекеттік және ресми тілде тәрбиеленуде. Балабақшада қабылдау бөлмесі, оқу-тәрбие, ойын бөлмесі, жатын, ыдыс жуатын, асхана, әкімшілік бөлмесі,медицина бөлмесі, кір жуу бөлмесі, мен қойма бар. Материалдық-техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі пеш арқылы газбен жылытылады. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте қабылдау бөлмесі, емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал - сайман жабдықтармен жабдықталған.
Балабақша ауласы көгалдандырылған. Ауладағы ойын алаңы және топтарға арналған жазғы шатырлар өз дәрежесінде жабдықталған. Жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар көлеңкелі қоршау орындығымен гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған спорт алаңы бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші бөлмесі;
- Әдістемелік бөлмесі;
- Теледидар –7 дана;
- Ноутбук – 4 дана;
- Принтер-4 дана.
- Түрлі-түсті принтер – 3 дана

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», «Кітап бұрышы», «Табиғат бұрышы», білім салалары бойынша дамытушы орталықтар жасақталған.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшем шарттарының
1-қосымшасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшем шарттар

Р/с	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	
		80 - 94 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан кем	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтар мен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708	100 %	
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	

	тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету		
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілер дің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5

		65% дан 79% - ға дейінгі респондеттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайын жасалу деңгейіне қанағаттанған.	
		50% дан 64% - ға дейінгі респондеттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайда жасалу деңгейіне қанағаттанған.	
		50% дан кем респондеттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған.	

2. Кадрлық құрамға талдау

Кадрлық құрамды бекіту - «Modir Merke» бөбекжай-бақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылында 14 педагог; 2023-2024 оқу жылында 10 педагог; 2 педагог бала күтіміндегі декреттік демалыста; 2024-2025 оқу жылында 10 жұмыс атқарады: 3 педагог бала күтіміндегі декреттік демалыста отыр.
Диплом бойынша «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» -1жоғары 2 арнайы білімді педагог қайта даярлау курсынан өткен. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша жоғары білімді -3 педагог, орта білімді -2 педагог бар
«Қазақ тілі және әдебиет» дипломы бар екі тәрбиеші педагог қайта даярау курсынан өткен.
«Қазақ тілі және әдебиет» жоғары білімді - 1 педагог,арнайы білімді – 1 педагог.
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»дипломы бар арнайы білімді педагог «Саз жетекшісі» білім бойынша қайта даярлау курсынан өткен.
Меңгеруші,әдіскер – санаттығы жоқ, тәрбиеші–педагог-модератор – 1 тәрбиеші–санаттығы жоқ-6. Саз жетекшісі педагогының санаттығы жоқ.

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломның көшірмелерінен қарастырылды.

1.Байтемирова Роза Дильдабековна– Білімі жоғары, «Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институті» – «Физика» 1985 жыл. Меңгеруші болып жұмыс істейді.
2. Суюмбаева Марал Кожахановна– Білімі жоғары «Аймақтық әлеуметтік-инновациялық» университеті –«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2018 жыл. Декреттік демалыста
3.Токтогулова Таттыбубу– Білімі жоғары, Ә.Қуатбеков атындағы «Халықтар достығы университеті» – «Бастауыш сыныпта оқыту» 2017жыл. Әдіскер болып жұмыс істейді.
4. Рызаева Гюнель Фяроховна – Білімі арнаулы орта, «А.Асқарова атындағы Меркі көпсалалы колледжі» – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» 2020 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
5.Сералиева Гульназ Нуркаликызы – Білімі арнаулы орта, «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі» – «Қазақ тілі және әдебиеті» 2013 жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
6.Шаукетова Ақтоты Өміржанқызы – Білімі арнаулы орта, «Көпсалалы Ұлағат Қызылорда колледжі» – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»» 2018 жыл. 2024 жылы Қайта даярлау курсынан өткен. Саз жетекші болып жұмыс істейді.

7. Рахымжанова Арайлым– Білімі арнаулы орта, «Білім» кәсіби гуманитарлық – техникалық колледж, 2022жыл «Бастауыш білім беру» .Декреттік демалыста.
8.Мустафа Зульфия Сабировна– Білімі арнаулы орта «И.Арабаева атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті» – «Бастауыш білім беретін педагогикасы мен методикасы» 2011 жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
9.Таубаева Жазира Серикханова– Білімі жоғары, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» 2007жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
10.Шөпшекбай Сымбат Жолдыбайқызы– Білімі жоғары, «Тараз мемлекеттік педагогикалық институты» – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» 2015 жыл.Декреттік демалыста.
11. Сугурова Кулзира Сатылгановна- Білімі арнаулы орта , «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі» «Бастауыш блім беру мамандығы» 2018 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
12. Тюфанова Севда Сабировна- Білімі орта, «Жетісай қазақ педагогикалық» училищесі – «Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші» 1993 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
13. Тулембаева Гулзат Ергалиевна - Білімі жоғары, «Аймақтық әлеуметтік иннавациялық» университеті – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» 2019 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2-қосымшада берілді. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болмауы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса берілді);
Меркі ауданының білім бөлімінің «MoldirMerke» бөбекжай-бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. Бөбекжай-бақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балабақша меңгерушісінің келісімімен бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай-бақша қызметкерлеріне жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері, (жеке куәліктер, диплом,

Оқу жылдары	Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	Физика	Қазақ тілі және Әдебиет мамандығы бойынша	Саз жетекшісі
2022-2023 оқу жылы	14	7	4	1	1	1
2023-2024	10	4	3	1	1	1

оқу жылы						
2024-2025 оқу жылы	10	2	4	1	2	1

біліктілік курстар сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды)

Оқу жылдары	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде «ПШО»	Оның ішінде «Ерте дамыту институты»
2022-2023 оқу жылы	8	-	2	-
2023-2024 оқу жылы	10	2	-	-
2024-2025 оқу жылы	10	-	-	-

«Modir Merke» бөбекжай-бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде педагогтардың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілді. 2022-2023 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2023-2024 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыстары түзету жұмыстар жүргізілуде (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

«Modir Merke» бөбекжай-бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің педагогтары шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері: 2022-2025 жыл аралығы

№	Т.А.Ә	Республикалық деңгейдегі жетістіктер	Облыстық деңгейдегі жетістіктер	Аудандық деңгейдегі жетістіктер	Балабақша-ішілік
1	Мустафа Зульфия Сабировна	1.«Bilim shini.kz» Педагогтар мен оқушыларға арналған Республикалық		1.8 наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған шығармашыл педагогтар	1.Балабақша ішілік «Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы

		журнал» «Құрметті Ұстаз» республикалық байқауына қатысып 2022 жыл. 2. «Кемеңгер ұстаз» республикалық интеллектуалды олимпиадасының жүлдегері 2022 жыл. 3. «TECHNOLOGY,PEDAGOGY AND EDUCATION»Республикалық педагогикалық журналы « КӨШБАСШЫ-ПЕДАГОГ ДАЯРЛАУ»атты біліктілікті арттыруға арналған семинар – тренингке қатысқаны үшін берілді.		арасында өткізілген «Махаббатпен анаға» байқаудың «Гүл шоқтар» номинациясында марапатталады. №16	ойындардың тиімділігі» аудандық семинарда өз үлесін қосқан үшін мадақтама берілді. 2.Балабақша ішілік «Жан Анашым» атты іс-шара бағдарламасын жақсы деңгейде өткізгені үшін марапатталады 2023-2024оқу жылы. 2.Балабақша ішілік «Қош келдің,жаңа жыл» атты ертеңгілікті жақсы өткізгені үшін марапатталады.
2	Рызаева Гюнель Фяроховна	1.«USTAZ TILEGI» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Үздік тәрбиеші» тәрбиешілер арасында онлайн	1.Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу - әдістемелік орталығы ДИПЛОМ І дәрежелі «Ойыншықтардың	1.Меркі ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі «Алғыс хат» «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты өнер фестиваліне қосқан үлесіңіз үшін алғыс	Балабақша ішілік «Алғыс хат» мадақтауымен марапатталдым 2022-2023ж Балабақша ішілік «Өлкенің гүл жайнаған

		блиц-турнирдің жеңімпазы I дәрежелі «Диплом» 24 қыркүйек 2021 жыл №Т-0443028. 2.Қазақстан Қайта Даярлау және Біліктілікті Арттыру Орталығы «Психология - педагогическая компетентность педагога» «СЕРТИФИКАТ» 2022 жыл №115046	таңғажайып әлемі» атты облыстық байқау жеңімпазы 2023жыл.	білдіреміз 2022 жыл. 2. АББ «Сертификат» «Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ойындардың тиімділігі»аудандық семинарда өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін берілді. 3.АББ ДИПЛОМ II орын «Ойыншықтардың таңғажайып әлемі көрмесі» атты жоба байқауында ойын арқылы жаңашыл идеялар мен тәжірбиелерді пайдалануда жоғары жетістіктер мен көрсеткіштерге жете білгені үшін марапатталады.	балғындары» атты өнер фестиваліне және аудандық педагогтар арасында өткен «Алғысым шексіз сіздерге» атты фестиваліне белсенеқатысқаны үшін марапатталады 2022ж .
3	Сералиева Гульназ Нургалиевна	«OZAT.KZ» Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналынан «АЛҒЫС ХАТ» тіркеу № В-767. Қызылорда 2024 жыл.			Балабақша-ішілік «АЛҒЫС ХАТ» 2022-2023оқу жылы Балабақшаішілік 25-қазан Республика күніне орай топтар арасында ұйымдастырылған «Талантты тәрбиешілер» атты сайысында II

					орын иелендім «МАДАҚТАМА ГРАМОТА» 2022 – 2023 оқу жылы.
4	Шөпшекбай Сымбат Жолдыбайқызы	Республикалық ғылыми – әдістемелік «USTAZ ENBEGI» журналы. «АЛҒЫС ХАТ» 2024 жылы №1383.	1.Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу - әдістемелік орталығы ДИПЛОМ І дәрежелі «Ойыншықтардың таңғажайып әлемі» атты облыстық байқау жеңімпазы 2023жыл.	1. АББ «Сертификат» «Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ойындардың тиімділігі»аудандық семинарда өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін берілді. 2. АББ ДИПЛОМ ІІ орын «Ойыншықтардың таңғажайып әлемі көрмесі» атты жоба байқауында ойын арқылы жаңашыл идеялар мен тәжірбиелерді пайдалануда жоғары жетістіктер мен көрсеткіштерге жете білгені үшін марапатталады.	

«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымында педагог-мамандары мен тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограмма құрылымы топтар бойынша 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларынасәйкес әзірленген.
«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі), «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған

әдістемелік нұсқауы перспективалық жоспарлар жасау барысында басшылыққа алынған.
(бағаланатын кезеңге бекітілген перспективалық жоспар және циклограммалар,үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесінің көшірмелері қоса жүктелді)

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады: 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру); 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде); 3) сөйлеуді дамыту; 4) көркем әдебиет; 5) сауат ашу негіздері; 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда); 7) сенсорика; 8) математика негіздері; 9) құрастыру; 10) қоршаған ортамен таныстыру; 11) сурет салу; 12) мүсіндеу; 13) жапсыру; 14) музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды

Инновациялық технологиялар:

«Монтессори»
«ТРИЗ»технологиясы
«Мнемотехника» технологиясы
Ақпараттық-коммуникативтік технология
«Ойын» технологиясы
«Денсаулық» технологиясы

Дамытушы әдістер:
В.В.Воскобовичтың ойын әдісі
Н.А. Зайцевтің текшелері
Ф.Фребель ойын құралы
Деньеш ойын құралдары
«Әуенді кесте»

3. Тәрбиеленушілер контингенттері

2022 – 2023 оқу жылында алты топ жасақталды

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Кіші топ «Балапан»	2 жастағы балалар	25
2	Кіші топ «Радость»	2 жастағы балалар	25
3	Ортаңғы топ «Құлыншақ»	3 жастағы балалар	25
4	Ортаңғы топ «Ромашка»	3 жастағы балалар	25
5	Ересек топ «Солнышко»	4 жастағы балалар	25
6	Ересек топ «Қарлығаш»	4 жастағы балалар	25
	Барлығы		**150**

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау:

«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтарда жас ерекшеліктері бойынша жинақталған. Өлшем шарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Топ атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары					
			1	2	3	4	5	
Кіші топ «Балапан»	қазақша	25		25				
Кіші топ «Радость»	орысша	25		25				
Ортаңғы топ «Құлыншақ»	қазақша	25			25			
Ортаңғы топ «Ромашка»	орысша	25			25			
Ересек топ «Солнышко»	орысша	25				25		
Ересек топ «Қарлығаш»	қазақша	25				25		
Барлығы:		150						

2023 – 2024 оқу жылында алты топ жасақталды

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Ортаңғы топ «Балапан»	3 жастағы балалар	25
2	Ортаңғы топ «Ботақан»	3 жастағы балалар	25
3	Ортаңғы топ «Радость»	3 жастағы балалар	25
4	Ересек топ «Құлыншақ»	4 жастағы балалар	25
5	Ересек топ «Ромашка»	4 жастағы балалар	25
6	Ересек топ «Қарлығаш»	4 жастағы балалар	25
	Барлығы		**150**

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау:

«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтарда жас ерекшеліктері бойынша жинақталған. Өлшем шарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Топ атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленуші лер саны	Тәрбиеленушілердің жастары					
			1	2	3	4	5	
Ортаңғы топ «Балапан»	қазақша	25		25				
Ортаңғы топ «Ботақан»	қазақша	25		25				
Ортаңғы топ «Радость»	орысша	25			25			
Ересек топ «Құлыншақ»	қазақша	25			25			
Ересек топ «Ромашка»	орысша	25				25		
Ересек топ «Қарлығаш»	қазақша	25				25		
Барлығы		150						

2024 – 2025 оқу жылында жеті топ жасақталды

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Кіші топ «»Балапан	2 жастағы балалар	20
2	Ортаңғы топ «Ботақан»	3 жастағы балалар	15
3	Ортаңғы топ «Қарлығаш»	3 жастағы балалар	15
4	Ортаңғы топ «Солнышко»	3 жастағы балалар	25
5	Ересек топ «Радость»	4 жастағы балалар	25
6	Мектепалды топ «Құлыншақ»	5 жастағы балалар	25
7	Мектепалды топ «Ромашка»	5 жастағы балалар	25
	Барлығы		**150**

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау:

«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтарда жас ерекшеліктері бойынша жинақталған. Өлшем шарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Топ атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары					
			1	2	3	4	5	
Кіші топ «Балапан»	қазақша	20		20				
Ортаңғы топ «Ботақан»	қазақша	15			15			
Ортаңғы топ «Қарлығаш»	қазақша	15			15			
Ортаңғы топ «Солнышко»	орысша	25			25			
Ересек топ «Радость»	орысша	25				25		
Мектепалды топ «Құлыншақ»	қазақша	25					**25**	

Мектепалды топ «Ромашка»	орысша	25					25	
Барлығы		150						

4. Оқу әдістемелік жұмыс

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:
Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.
Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.
2023-2024 оқу жылында «Moldir Merke» бөбекжай-бақшасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды.
Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалынды.
Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған.
Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.
Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық тобында Сауат ашу негіздері аптасына екі рет өткізіледі.
Кіші жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті,эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да

әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.
Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады .

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші жас, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Комуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту» ,«Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары негізінде жүзеге асырылады.

Жылдық жүктеме сағаттары кіші «Балапан», топтарында Музыка-36 сағат, Денешынықтыру ,Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу- күн сайын.
Ортаңғы «Ботақан», «Қарлығаш», «Солнышко» топтарында Музыка-36 сағат, Денешынықтыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру- күн сайын.
Ересек «Радость» топтарында
Музыка-72 сағат, Денешынықтыру ,Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру-күн сайын.
Мектепалды «Құлыншақ», « Ромашка» тобында Денешынықтыру – 108 , Сауат ашу негіздері-108 сағат, Математика негіздері-108 сағат, Сөйлеуді дамыту-72 сағат, Музыка-72 сағат, Көркем әдебиет-72 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру-72сағат, Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)-36 сағат.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.
Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:
-физикалық қасиеттерді дамыту;
-коммуникативтік дағдыларды дамыту;
-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
-шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.
Физикалық қасиеттерді дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:
1)дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2)жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3)сөйлеуді дамыту;
4)көркем әдебиет;
5)сауат ашу негіздері;
6)қазақтілі
7)сенсорика;
8)математика негіздері;
9)құрастыру;
10)қоршаған ортамен таныстыру
11)сурет салу;
12)мүсіндеу;
13)жапсыру;
14)музыка.
Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.
Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салтын егіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.
«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдансоң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет.) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап береалатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау жәнет.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Күнсайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған «әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Кіші топ балалары үшін сенсорика бойынша заттарды,ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінді және олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып салыстыруға баулу көзделді.

Ортаңғы, ересек топтары үшін математика негіздерін күнсайын дидактикалық ойындар,танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті эксперимент жасау, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады.

Қоршаған ортамен танысу күнсайын заттарды бақылау, зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеттері арқылы іске асырылады.
Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күнсайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.
«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек тобында аптасына екі рет музыка жетекшісі мен кестеге сәйкес жүргізіледі.
Балалардың, жас ерекшіліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, әнайту, әндерді жаттау, музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:
«Moldir Merke» бөбекжай-бақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:
-педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімді қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
-педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу;
-педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету);
-педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;
- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбиеісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау.
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.
Осы міндеттерді орындау мақсатында «Moldir Merke» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.
2023-2024 оқу жылында ҚР-сы Ғылым және Білім министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны – физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, шығармашылық дағдыларды, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға

негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

-ойын арқылы оқыту,

-білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтытығы кеңінен қолдануда.

Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

- Ортаңғы топ тәрбиешілері «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған оқу бағдарламасын, оқыту практикасына өзгерістер енгізу және оларды басқару» жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жетуге болады. Баламен жеке жұмыс жасағанда, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін тікелей бақылауға аламыз. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тәрбиеленушілердің үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя біліп, мақсатқа жетуге болады. Ойындардың әдіс-тәсілдерін жақсарту үшін тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын мнемокесте технологиясын әрі қарай жаңаландырып, ойын түрлерімен біріктіріп жалпы білім сапасын жоғарылату мақсатында баланың даму құралы ретінде пайдалану керек екенін жоспарлап отырмыз.

Балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтар арасында іскерлік ынтымақтастық орнату үшін, балаларды мектепке оқытуға дайындау жылдық жоспарда белгіленген іс-шаралар бойынша жүргізіледі: Мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық

шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысу арқылы, ересек топ балалармен бірлескен сурет көрмелері, балалардың мектепке дайындығы туралы мониторинг жүргізіледі.
Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық оқу қызметтерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Монтессори технологиясының әлементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылып пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастыруда.
Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 5 меңгеруші жанындағы кеңес, 4 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар-практикумдар өтілді. Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі «Балабақша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым-қатынасы», «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы», «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыптарында баяндамалар оқылды.

Меңгеруші жанындағы кеңесте жоспарланған мәселелер толық қаралды. Онда топтардың жаңа оқу жылына дайындығына, «Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексеру, «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» тақырыпты тексеру, жан-жақты тексерулер ұйымдастырылды, тексеру қорытындысы жасалынып анықтамалары жазылып жинақталды. Өткізілген мерекелік іс-шараларға талдау жасалынып, жақсы деңгейде жүргізген тәрбиешілерді марапаттауға ұсынды. Педагогтардың өз білімдерін көтеру талқыланып, нәтиже шығарылды. 2022-2023 оқу жылында 2 педагог, өзін өзі жетілдіру курсына қатысып, сертификат алды. 2023-2024 оқу жылында 2 педагог сертификат алды.

Өндірістік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығын қарау мәселелері және олардың рационалды тамақтануын қадағалау қаралып отырды.

Тәрбиеші мамандар біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысып, тәжірибесін шыңдап отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер жоспардағы тақырыптар бойынша лекциялар тыңдалып, сол тақырыптар барысында кеңестер, ойын-сабақтар, сауалнамалар өткізілді.

Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндірілді. Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа техналогияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті әрі жақын өткізуге талпынды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша мейірбике А.Ахтай балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақтылы профилактикалық тексеруден өтулерін

қадағалап отырды. Ас мәзірін дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалды тамақтануын қадағалады. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін өткізді.

«Қауіпсіздік мектебі» іс-шарасы бойынша тоқсанына бір мәрте сейсможаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқау беру, жер сілкінісіне, апат жағдайындағы жаттығуларды ұйымдастырып өткізді. Тәрбиешілер Тулембаева Г, Таубаева Ж, Рызаева Г, Тюфанова С ,Сералиева Г, Сугурова К, Мустафа З «Топтағы сақтық шаралары», «Табиғи апаттың алдын алудың негізгі қағидалары», «Отпен ойнама», «Қауіпсіздік ережесі» ,«Үйден түтін шыққанда» тақырыбында іс-шараларды өткізді.

Тәрбиешілер өздеріне бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс барысында кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді жою мақсатында тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын жаңа оқу жылында жалғастыруға ұсыныс жасады.

Балалармен жұмыс: Оқу жылы бойында әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекеге байланысты тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас өте жақсы. Тәрбиешілер балаларды экологиялық білім мен қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметтерінде берілген білімдерін серуен-саяхатқа шығару арқылы толықтырып отырды. Мектепалды топтарда әр тоқсан сайын құқық тәрбиесі жүргізілді.

Бақылау мен басшылық өз уақытында жүйелі жүргізілді, жоспарланған топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, «Тәрбиешінің таңертеңгі жаттығуды дұрыс жоспарлауы» тақырыпты тексеру, жан-жақты тексерулер ұйымдастырылды, «Баланы еңбекке баулуды дұрыс ұйымдастыру», «Дене шынықтыру оқу қызметі бөлімдерінің дұрыс орындалуы», «Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруі» тексеру қорытындысы жасалынып педагогикалық және меңгеруші жанындағы кеңестерде қаралып, үлгілі жұмыстар аталып, кемшіліктерді ескертіп отырды.

Ата-аналармен жұмыс: № 1 жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналармен келісім шарт жасаудан бастап, ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие жоспармен таныстырып, тәрбиелеу бағытында әртүрлі сауалнамалар жүргізілді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарды балабақшаның жылдық жоспарымен, күн тәртібімен, қызметкерлермен таныстыру, «Жақсы ата-ана болуды үйренеміз» ата-анаға кеңес, «Баланың мектепке дейінгі білім беру мекемесіне бейімделуі» пікір алмасу ұйымдастырылып, мамандар балалардың денсаулығы мен физикалық дұрыс дамуына кеңестер берді. Балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға консультация жүргізілді. Балалардың білім деңгейін бақылау, ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарға қатысуын, тәрбиелеу іс-шараларына тарту, топтық ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылып өткізілді.

Жазғы сауықтыру жұмысы: Балабақшаны жазғы жұмыс тәртібіне ауыстырып, қызметкерлерге жазғы сауықтыру жөнінде кеңес өткізілді. Тәрбиешілер жазғы сауықтыру кестесіне сай оқу қызметтерін серуенмен байланыстыра отырып жүргізді. Балалармен тұрмыстық және жол зақымдарының алдын алу жөніндегі жұмыстар, жол ережесі бойынша әңгіме, ойын-сауықтыр, ойындарды өткізді.

Шаруа-әкімшілік жұмыс: Шаруа меңгерушісі жаңа оқу жылына топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаз мезгілінде балалардың ойын алаңын дайындау, ыдыс-аяқ, жұмсақ жаймаларды жөндеп, жаңалау жұмыстарын жүргізді.

2024-2025 оқу жылында тәрбиеші Сугурова К «Ойнайықта ойлайық», тәрбиеші Мустафа З «Волшебные буквы», тәрбиеші Рызаева Г «Национальный мир волшебных орнаментов», тәрбиеші Тюфанова С «Тәтті алма», тәрбиеші Тулембаева Г «Асық- алтын қазынам», тәрбиеші Таубаева Ж «Геометрические фигуры» , тәрбиеші Сералиева Г « Қыс қызығы», ән -саз жетекшісі Шаукетова А «Музыкалық сағат» тақырыптарында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өтті.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырдық. Топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Балабақшаны негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту.

Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес дағды бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.

Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым–қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді.

2024-2025 оқу жылында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсаттары жоспарланды.

2024-2025 оқу жылының міндеттері.

Баланы ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында мына төмендегі міндеттерді алды:

1. Физикалық қасиеттерді

Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыра отырып, балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді ,өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Мектеп жасына дейінгі балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу жолдары.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекет кезінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу,шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым- қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешу.

5. <u>Оқу-материалдық активтер</u>

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді

1	**Мектепалды «Құлыншақ» , «Ромашка»тобы**	**Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:** Құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар,сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер,жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Қимылды ойындар атрибуттары: «Аюдың апанында», «Мысық пен тышқан», «Жұбын тап», «Түрлі-түсті көбелектер», «Көлшік», «Қасқыр мен қояндар» «Құстар», «Қояндар», «Автобус», «Өрт сөндірушілер», «Паравоз». **Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер** Кітап бұрышы

		«Ертегілер елінде», «Зерделі ертегілер», «Бала мен Қарлығаш», «Әйбат ертегілер», «Әдеп», «Қазақ халық ертегілері», «Табылған амал», «Бремен музыканттары», «Ауылдық тышқан мен қалалық тышқан» қазақ халық еретгісі, «5 ертегі» кішкентай балаларға арналған, «Бәсіре» балаларға арналған сөзтаным кітабы, «Атамекен» сиқырлы елінің аңыздары, «Қорқақ қоян», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Жыл мезгілдері», «Қойшы бала», «Жалқау қоян»ертегілері, «Әнші балапан» ән кітабы, «Балабақшадағы мерекелер» ән жинағы. Альбом,жұмбақтар,өлеңдер,тақпақтар,санамақтар жинақтары,Сөйлейтін әліппе Сюжеттік рөлдік ойындар: «Дүкен», «Сән салон», «Асхана», «Құрылысшы», «Тігінші», «Жол полициясы», «Киіз үйде» «Дәріхана», «Ертегілер елінде», **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары** Түрлі түсті қасықтар,қайшылар,жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі –түсті құм салғыштар, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз,биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар,ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар,домино, мазайка, сандар әлемі,фетрден жасалған көрнекіліктер **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту** Магнит тақта,түтікшелер,шырша жемістер,құм салғыштар,құм сағатар, ұннан жаслған күлшелер,жаңғақ шаққыш, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар,тігін машинасы, перамидалар, құрастырғыштар, жол белгілері,түрлі-түсті бояулар,қарындаштар,гуаш, тақтайшалар, ермексаз,борлар, трафареттер, музыкалық ойыншықтар **Әлеуметтік-эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру** Табиғат бұрышы:Бөлме гүлдері, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністері,ауа райын белгілейтін кальендар,қағаздан,фетрден, гофрадан,шишкалардан,жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер,жәшіктерге егілген пияз көшеттері **Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар**: ««Қазақ салт дәстүрлері», «Қазақстан қалалары», Менің Астанам», «Табиғат біздің анамыз», «Дала құстары» «Менің отбасым» альбомдары

2	**Ересек «Радость»тобы**	**Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:** Қимылды ойындар картотекалары,үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар,суықтыру шарасына арналған құралдар **Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер** Артикуляциялық гимнастика картотекалары,түрлі-түсті суретті альбомдар «Апта күндері», «Ұлы тұлғалар», «Ұлттық киімдер», «Көлік түрлері», «Жыл мезгілдері», «Дала гүлдері», «Балықтар», «Қазақстан қалалары», «Тәтті нандар» «Жәндіктер», «Құстар», Санамақтар,Тақпақтар жинағы, Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар Кітап бұрышы: «Ертегілер елінде», «Әке мен бала», «Балаларға базарлық», «Қар ханшайымы», «Қуырмаш», «Бәсіре», «Үйшік», «Ең қымбат нәрсе», «Мақта қыз бен мысық», «Маша мен аю», «Айтыс», «Жеті лақ», «Туған топырақ», «Көсе атануы», «Ер Төстік», «Балақайларға базарлық», «Балбұлақ», «Қазақ мақал-мәтелдері», «5 ертегі» кішкентай балаларға арналған ертегі, «Бәсіре» балаларға арналған сөзтаным кітабы, «Атамекен» сиқырлы елінің аңыздары, «Қорқақ қоян», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Жыл мезгілдері», «Қойшы бала», «Жалқау қоян»ертегілері, «Әнші балапан» ән кітабы, «Балабақшадағы мерекелер» ән жинағы. Альбом,жұмбақтар,өлеңдер,тақпақтар,санамақтар жинақтары, **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары** Дидактикалық ойындар картотекалары,үлестірмелі түрлі-түсті пішіндер, мазайка, перамидалар, муляждар,таяқшалар,қыстырғыштар,шелектер,сырмалар, баулар, кітапшалар фетрден **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту** Театр түрлері: Қуыршақ театры «Үш аю», «Үш торай», «Шалқан», «Қызыл телпек» Үстел үсті театры «Қолғап» , «Бауырсақ», «Үйшік», «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар» Конус театры: «Маша мен аю», «Үш аю», Сюжеттік рөлдік ойындар: «Туған күн», «Шаштараз», «Отбасы», «Құрылысшы», «Дәрігер», «Бағбаншы», «Аспазшы» «Жол полициясы» Зерттеу ойындары

		картотекалары**,**гуаш,тақтайшалар.ермексаз,борлар,трафаретте р,түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар,қайшы,желімдер **Әлеуметтік-эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру** «Көліктер», «Астана әсем қала», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Біздің көше», «Этно» достық альбомдар , глобус, рәміздердің суреттері
3	**Ортаңғы «Ботақан», «Қарлығаш», «Солнышко» тобында**	**Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:** **Қимылды ойын атрибуттары** «Тышқан мен лақ», «Қояндар», «Балапандар», «Пойыз», «Торғайлар мен мысық», «Тышқан мен Мысық», «Түлкі мен балапандар», «Қоңырауым қайда?», «Мысық пен тышқандар»,«Торғай мен автомобильдер», «Қаздар», «Күн мен жаңбыр»т.б Қимылды ойындар картотекалары,үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар,сауықтыру шарасына арналған құралдар **Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер** Кітап бұрышы: «Күн астындағы Күнікей қыз», «Кім күшті», «Қызыл телпек», «Жолбарыс пен тышқан», «Кішкентай ханзада», «Жануарлар достығы», «Қазақ ертегілері», «Жыл мезгілдері», «Әнші балапан», «Санамақтар», «Ойыншықтар» Түрлі тақырыптағы альбомдар: «Кім не істеді?», «Не әкелді?», «Мен айтамын тақпақ»жинағы Иллюстрациялық суреттер жинағы: «Үй құстары», «Жабайы аңдар», «Менің тбасым», «Мынау не?», «Айшаның киімдері» Бейнелік ойыншықтар: жабайы және үй жануарлары, қуыршақтар, жұмсақ ойыншық, көліктер,үй құстары **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары**: Дамытушы ойыншықтар Сенсорикалық заттар Моншақ тізуге арналған дөңгелектер,түрлі-түсті қыстырғыштар, фетрден жасалған кітапшалар, жапсырмалы фетрлер,үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті қасықтар,таяқшалар,құрастырғыштар,перамидалар **Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту** Қуыршақ театры: «Бауырсақ», «Алтын балық», «Ұр тоқпақ», Саусақ театры: «Үш аю» ертегісі, «Мақтаншақ қоян», « «Жеті лақ»,«Бауырсақ», «Үйшік », «Шалқан», «Құмырсқа мен кірпі» ертегілері

		Үстел үсті «Түлкі мен қоян» , «Ойыншықтар», «Шалқан» Сюжеттік рөлдік ойындар», «Қуыршақты шомылдырамыз», «Қуыршақты бесікке бөлеу», «Айшаны тамақтандырамыз», «Асхана», «Бесік жыры» **Әлеуметтік-эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру** «Ересектер еңбегі», «Жануарлар әлемі», «Үй құстары», «Әкем,анам, мен», «Дұрыс, дұрыс емес» тақырыбындағы суретті альбомдар мен бейнетаспалар
4	**Кіші жас «Балапан» тобы**	**Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:** Қимылды ойын атрибуттары «Тышқан мен лақ», «Қояндар», «Балапандар», «Пойыз», «Торғайлар мен мысық», «Тышқан мен Мысық», «Түлкі мен балапандар», «Қоңырауым қайда?», «Мысық пен тышқандар», «Торғай мен автомобильдер», «Қаздар», «Күн мен жаңбыр»т.б Қимылды ойындар картотекалары,үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар,сауықтыру шарасына арналған құралдар **Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер** Кітап бұрышы: «Қазақ ертегілері», «Санамақтар», «Бауырсақ ертегісі», «Аққу-қаздар», «Жеті лақ» «Үш торай», «Мақтақыз бен мысық», «Тырна мен түлкі», «Жануарлар достығы», «Жыл мезгілдері», «Әнші балапан», «Ойыншықтар». Түрлі тақырыптағы альбомдар: «Кім не істеді?», «Не әкелді?», «Мен айтамын тақпақ»жинағы, Иллюстрациялық суреттер жинағы: «Үй құстары», «Жабайы аңдар», «Менің отбасым», «Мынау не?», «Айшаның киімдері» Бейнелік ойыншықтар: жабайы және үй жануарлары, қуыршақтар, жұмсақ ойыншық, көліктер,үй құстары **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары**: Дамытушы ойыншықтар Сенсорикалық заттар. Моншақ тізуге арналған дөңгелектер,түрлі-түсті қыстырғыштар, фетрден жасалған кітапшалар, жапсырмалы фетрлер,үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті қасықтар,таяқшалар,құрастырғыштар,перамидалар Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Қуыршақ театры «Үш аю» ертегісі, «Жеті лақ»,«Бауырсақ», «Үйшік », «Шалқан», «Сүзеген ешкі», «Құмырсқа мен кірпі» ертегілері Үстел үсті «Түлкі мен қоян», «Бауырсақ», «Ойыншықтар», «Шалқан»

		Сюжеттік рөлдік ойындар «Қуыршақты бесікке бөлеу», «Айшаны тамақтандырамыз», «Асхана», «Бесік жыры» **Әлеуметтік-эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру** «Ересектер еңбегі», «Жануарлар әлемі», «Үй құстары», «Әкем,анам, мен», «Дұрыс,дұрыс емес» тақырыбындағы суретті альбомдар мен бейнетаспалар

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Балабақшада мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстару, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармашылардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллютрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышы ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада жұмыстар өз жалғасын табуда. Балабақшада балаларға «Балаларға базарлық» тақырыбында, «Кітап біздің досымыз» бұрышында кітаптың пайдасы туралы мағлұматтар берілді.

Әр топтың тәрбиешілері үшін жас ерекшеліктеріне сай оқу-әдістемелік кешендерімен жабдықталған. Барлық топтардың оқу-әдістемелік кешендері болуы туралы мәлімет 5 қосымшада көрсетілді.

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің нәтижелерінің болуы:

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылаужүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді. Балабақша ішілік тексерулер мен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларының байытуда, белсенді сөйлеу қорларының төмендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылға балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере

отырып қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарланды, мына міндеттер алынды.
Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады: Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілікбағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейі анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айындажүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2023 -2024, оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2024-2025оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған.Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Балабақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады:
-Ұйымдастырушылық(ата-аналарды басқа да балабақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі)
-Ақпараттық-ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен балабақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек)
-Ұйымдастырушылық-педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараға тарту, бос уақытта, сауықтыру шараларына қатысу, балабақшаға мүмкін болатын көмек көрсету)
-Ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеут.б.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық,

педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтарымыздың АКТ еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, балабақшамызда озық тәжірибені пайдалану, дамып келеді. Педагогтар іс-тәжірибеде қолданғанымен, оны жинақтау, тарату, жалпылау бойынша қиналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдағы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік сыныптар өтуді жоспарға енгіздік. Тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі бір принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа педагогтарға үлгі болып, озат тәжірибесі басқа балабақшаларға таратылады.

10. <u>Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:</u>

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылығы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес топтарға жинақталған (**жас топтары тізімдерінің көшірмелері жылдар бойынша қоса берілді**);

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында

1.Мектепалды «Құлыншақ» тобы (5 жастағы балалар)
2. Мектепалды «Ромашка» тобы(5 жастағы балалар)
3. Ересек «Радость» тобы (4жастағы балалар)
4.Ортаңғы «Ботақан» тобы (3 жастағы балалар)
5. Ортаңғы «Солнышко» тобы (3 жастағы балалар)
6. Ортаңғы «Қарлығаш» тобы (3жастағы балалар)
7. Кіші жас «Балапан» тобы (2 жастағы балалар)

(Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.)

Балабақшада 7 топ, 150 – бала тәрбиеленуде. 10 – баланың жолдамасы бар.Топтардың қатысу журналы уақытылы толтырылады. Бала саны белгіленген жолдамаларымен сәйкес. Ата-аналарымен келісім-шарттар жасалып, екі жақтың келісімімен қол қойылып, мөрленген.

10. Жас ерекшеліктеріне қарай төмендегіше топтарға бөлінген:

Р/с	**Топ аты**	**Бала саны**
1	Мектепалды «Құлыншақ», «Ромашка» тобы (5 жастағы балалар)	50
2	Ересек «Радость»топтары (4жастағы балалар)	25
3	Ортаңғы «Ботақан», «Қарлығаш», «Солнышко» топтары (3 жастағы балалар)	55
4	Кіші жас «Балапан» тобы (2 жастағы балалар)	20

11.Қорытынды мен ұсыныстар

ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТ ТЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Меркі ауданының білім бөлімінің «Moldir Merke» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорнында өзіндік бағалау 06.01-21.02.2025 аралығында өтті.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Мектепке дейінгі ұйымының тәрбие мен оқыту жұмысы Қазакстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдесінде «Білім туралы» Заңының 5 -бабының 5-1 тармакшасына сейкес жене Қазақстан Республикасынын Білім жене ғылым министірінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазакстан Республикасының Білім және ғылым министірінің 2020 жылы 24 қыркүйектегі №412 бұйрықпен бекітілген Қазакстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, Қазакстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына Қазакстан Республикасы Оку ағарту министрінің 2022 жылы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі окыту мен үлгілік бағдарламасына «Балаларды ерте дамыту институтын» 2022 жылғы 23қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен окыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1. Мектепке дейінгі ұйымда Педагогикалық ұжым оқыту - тәрбиелеуде жұмыстарының өзінің үлгідегі жаналықтарымен тәжірибе алмасып сапасына баса назар аударады.

2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл - күй мен психологиялық жағдайды қальптастыру жене балалардын денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Комиссия төрайымы:

Балабакша меңгерушісі: Байтемирова Р.Д.

Мүшелері:

Әдіскер: Токтогулова Т.

Саз жетекшісі: Шаукетова А.

Тәрбиеші: Сугурова К.

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына

сай екендігін көрсетеді.

Өзін - өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізілді:

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестері тәсілдерін кеңінен ұйымдастыру.

- Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу:

- Іс - әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтарға жаңа технологияларды пайдалану баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау;

- Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысу ұыймдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп, жоспар жасау;

- Шардара ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кэсіпорнында білім беру кызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартынын талаптарына сәйкес келеді және «zhagsy» - деп бағаланады.

Комиссия төрайымы:

Балабақша меңгерушісі: Байтемирова Р.Д.

Мүшелері:
Әдіскер: Токтогулоа Т.
Саз жетекшісі: Шаукетова А.Ө.
Тәрбиеші: Сугурова К.С.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«МЕРКІ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
ЖШС«MOLDIR MERKE» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»

Б Ұ Й Р Ы Қ № 3

Меркі ауданы 06.01.2025 жыл

«Бөбекжай-бақшада «Өзін-өзі бағалау»
жүргізу туралы»

Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының 5 бабының, 9 тармағына, 59 бабының 3.4 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес №» бөбекжай-бақшасының 2025 жылдың наурыз айында мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ЖШС «Moldir Merke» бөбекжай-бақшасында кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізуіне байланысты, мемлекеттік аттестаттау ережесіне сәйкес бөбекжай-бақшада өзін-өзі бағалау жұмыстары 06.01-21.02.2025 жылдың аралығында өткізілсін.
2. Комиссия мүшелерін келесі құрамда тағайындалсын:

Комиссия төрағасы: - меңгеруші міндетін атқарушы;
Комиссия мүшелері: – әдіскер;
– тәрбиеші;
Хатшы: – тәрбиеші.

3. Өзін-өзі бағалауды жүргізуде комиссия құрамы нормативтік, құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып жүргізсін.
4. Комиссия құрамы өзін-өзі бағалау құжаттарын 2023 жылдың 04 тамызына дейін өткізсін.
5. Осы бұйрықпен бөбекжай-бақша педагогтері таныстырылсын.
6. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

ЖШС «Moldir Merke» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі: **Байтемирова Р.Д.**